

«Пробация туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобалары туралы» мәселесі бойынша Министр орынбасарының тезисі

Ағымдағы жылғы 11 қараша, ҚР Парламент Мәжілісі

Құрметті Светлана Федоровна!

Құрметті депутат мырзалар!

«Пробация туралы» Заң және оған ілеспелі заң жобасы «100 нақты қадам – Ұлт жоспарын» (33-қадамын) іске асыру мақсатында әзірленген.

Негізгі заң жобасы («Пробация туралы») 6 тараудан және 20 баптан тұрады.

Ілеспелі заң жобасы («Кейбір заңнамалық актілерге пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы») – 2 баптан тұрады.

- **Заң жобасын қабылдау мақсаттары:**

- қылмыстық сот төрелігін қайта әлеуметтендіру әлеуетін кеңейту;
- қылмыстық саясатты одан әрі ізгілендіру болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға сәйкес **міндеттері:**

1) пробация түрлерін және оларды жүзеге асыру қағидаларын айқындау;

2) пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсету мәселелерін реттеу;

3) пробацияны жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау кепілдіктерін белгілеу болып табылады.

- 2012 жылға дейін ҚАЖ құрылымында **қылмыстық-атқару инспекциялары** жұмыс істеді.

2012 жылы 1300 бірлік штаттық санымен **пробация қызметі** құрылды.

Оның негізгі мақсаты – бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдардың қайта қылмыстар жасауын алдын алу.

Бұдан бұрын пробациялық бақылау **шартты түрде сотталған** адамдарға ғана қатысты жүзеге асырылды.

2015 жылдан бастап, жаңа қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын енгізумен бұл тізбе мынадай санаттармен толықтырылды:

- **шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар;**
- **бас бостандығын шектеуге сотталғандар;**
- және сот **әкімшілік қадағалау** белгілеген адамдар.

Нәтижесінде пробация қызметінің есептерінен өткен адамдардың саны өткен жылы **9 мыңға** жуық адамға – 39 мыңнан 48 мыңға дейін артты.

- Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша:
 - жұмысқа орналасуға;
 - білім алуға;
 - кәсіп меңгеруге;
 - емделуге;
 - заң, психологиялық және өзге де әлеуметтік көмек көрсетуге

жәрдемдесу түріндегі пробациялық қызмет жүргізіп отырған жұмыс көбінесе қайта жасалған қылмыстар санын **30%-ға** (671-ден 461-ге дейін) төмендетуге мүмкіндік туғызды.

Басқаша айтқанда, біз қазір 2 модельде жұмыс жасаймыз:

- **үкімдік** пробация – бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдарға қатысты;
- **пенитенциарлықтан кейінгі пробация** – бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, сондай-ақ әкімшілік қадағалау белгіленген адамдарға қатысты.

- Азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыптастыру және еліміздің қылмыстық заңнамасын әлемдік практикаға жақындату үшін заң жобасымен **пробацияның толық циклы** енгізіледі.

Яғни:

- **сотқа дейінгі пробациямен;**
- **және пенитенциарлық пробациямен** толықтыру көзделуде.

Бірінші. Сотқа дейінгі пробация күдіктіге мінез-құлқының түзелуіне, оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауын алдын алуға бағытталған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуден тұрады.

Анықтамалық: Халықтың әлеуметтік қорғалатын санаттарына жататын адамдарға, атап айтқанда кәмелетке толмағандарға, зейнет жасындағы әйелдерге, жүкті әйелдерге, 3 жасқа дейінгі жастағы жас балалары бар әйелдерге, мүгедектерге, зейнет жасындағы, 3 жасқа дейінгі жастағы жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ер адамдарға қатысты қолданылатын болады.

Пробация қызметі күдікті өтініш жасаған күннен бастап әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын әзірлейтін болады және оны іске асыру нәтижелері бойынша сотқа дейінгі баяндаманы жасайды, ол аталған адамға сотта істі қарау басталғанға дейін беріледі.

Сотқа дейінгі пробацияның негізгі мақсаты – қылмыстық сот төрелегі аясына тап болған адамдардың **әлеуметтік пайдалы байланыстарын сақтау.**

Екінші. Сот бас бостандығынан айыру түріндегі жаза туралы үкім шығарған жағдайда пробацияның келесі – **пенитенциарлық** моделінің әрекет ету кезеңі басталады.

Бұл сотталған адамды бостандықтағы өмірге даярлау мақсатында **тек ҚАЖ мекемелерінде** жаза өтеу кезеңінде оны

қайта әлеуметтендіру бойынша іс-шараларды іске асырудан тұрады.

Мұндай пробация түріне жаза мерзімін өтеуге **1 жыл қалған** бас бостандығынан айыруға сотталғандар түсетін болады.

Бұл пробация қызметінің мекемелер әкімшіліктерімен бірлесе отырып, сотталғандардың кейіннен қоғамға оралғанда «қиындықсыз» бейімделуі үшін сотталғанды бостандыққа дайындау бойынша жеке бағдарламаны әзірлеуін көздейді.

Мәселен, пробацияның бұл моделінің жекелеген элементтері әлдеқайда іс-жүзінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде не неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру кезінде іске асырылады.

Қазір бұл босатылу сатысында мамандық, еңбек дағдыларын алу, құжаттарын қалпына келтіру, жұмысқа және тұрмыстық орналасуын жоспарлау үшін жағдайлар жасау түрінде қамтамасыз етіледі.

- Заң жобасымен көзделген бұл шаралардың барлығы біздің жазаларды орындау жүйесін 1955 жылы БҰҰ Конгрессімен қабылданған **Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттары** («Нельсон Манделаның қағидалары») талаптарына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Анықтамалық: Қағидалармен қамаудағы адамды біртіндеп бостандықтағы өмірге оралуына және оның бостандықта оңалуына көмек көрсетуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау ұсынылады (оқыту, кәсіби дайындау және бағдар, дене дайындығы, үкіметтік және басқа да органдар мен ұйымдардың оның қоғамда өз орнын табуға көмегі).

- **Ілеспелі** заң жобасымен:

- Қылмыстық-процестік (күдіктінің құқықтары);

- Қылмыстық-атқару кодекстеріне (пенитенциарлық

пробацияны ұйымдастыру бөлігінде);

- сондай-ақ «Ішкі істер органдары туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

- Заң жобалары Президент Әкімшілігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен (*Жоғарғы Сот, Бас прокуратура, ҰҚК, Әділетмині, ҰЭМ, Қаржымині, БҒМ, ДСӘДМ*) **келісілген.**

Парламент Мәжілісі депутаттарының, Президент Әкімшілігі өкілдерінің, ғылыми қайраткерлердің, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың қатысуымен жан-жақты **қоғамдық талқылаулар** өткізілді.

Барлық іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Анықтамалық: «Қазақстандағы қылмыстық сот төрелігін жетілдіру» ЕО жобасы, Орталық Азиядағы Халықаралық түрме реформасы, ЮНИСЕФ халықаралық ұйымдарының, ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен (ағымдағы жылғы 25 сәуірде, 21 шілдеде және 6 қазанда).

- Заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды және қосымша қаржыландыру мен штат санын енгізуді қажет етпейді (*ҚАЖ-дың штат санын қайта бөлу есебінен жүзеге асырылатын болады*).

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рахмет!